

Жәнібек аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 15-19 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 28 желтоқсанда № 7313-07 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 – бабына сәйкес Жәнібек аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Жәнібек аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Т. Кадимов

2023 жылғы 27 желтоқсандағы

№ 15-19 шешіміне қосымша

1. Жәнібек аудандық мәслихатының "Жәнібек аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" 2018 жылғы 27 наурыздағы №20-7 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5158 болып тіркелген) шешімі;

2. Жәнібек аудандық мәслихатының "Жәнібек аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 20-7 "Жәнібек аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 17-10 шешімі;

3. Жәнібек аудандық мәслихатының "Жәнібек аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 20-7 "Жәнібек аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 2-3 шешімі;

4. Жәнібек аудандық мәслихатының "Жәнібек аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 20-7 "Жәнібек аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2023 жылғы 26 маусымдағы №7-3 шешімі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК